

5- БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

5.1 Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер

Мектеп кітапханасы 2005 жылдың 1 қыркүйекте құрылған. Кітапхана мектептің 4 (төртінші) қабатында орналасқан, кітапхананың бөлмесінің жалпы алаңы 150 кв.м., 20 орынды оқу залы абонементпен бірге, екі сақтау қоймасы бар.

Кітапхана меңгерушісі – Дуйсеманова Қарлыға Жұманазаровна

Білімі – Коммерциялық техникум. Кітап тауартанымы

Орталық-Азия университеті. кітапханашы библиограф

Еңбек өтілі: 25 жыл. Аталмыш мектептегі еңбек өтілі: 8 жыл

Мектеп кітапханасының материалдық- техникалық базасы

р/с	Құрал-жабдықтар аты	Саны
1	Интеркатив панель	1
2	Көрмеге арналған стеллаж	2
3	Үлкен конференц залға арналған стол	1
4	Конференц зал столына креслолар	10
5	Лаготивті эмблема жазуы	1
6	Маркерлі мобилді тақта	1
7	Ролл шторлар	6
8	Ресепшн стөл	1
9	Кресло	1
10	Жабық шкаф	1
11	Газет журналға арналған стеллаждар	1
12	Қалқалы стол	5
13	Қабырға стеллажы	2
14	Кресло	5
15	Картотека шкафы	3
16	Мобилді баспалдақ	1
17	Үш бұрышты стол	6
18	Балаларға арналған орындық	6
19	Пуфик	2
20	Кітаптарға арналған шкаф	2
21	Бөлімі бар стеллаж	3
22	Үстел ойындары	22
23	Екі жақты стеллаждар	29
24	Принтер	1
25	Моноблок интернет желісіне қосылған	1
26	Түптеуіш құралы	1

Кітапхананың кітап қоры

Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер: Мектеп кітапханасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылдың 25 мамырдағы «Мемлекеттік кітапхана қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» №152 бұйрығымен бекітілген, (қағидалар жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.12.2022 жылы №368) бұйрығына сай өз жұмысын атқарады. Кітапхананың қызметі біріңғай ережелерін құру, құжаттарын сақтау, жинақтау, ескірген басылымдар мен оқу әдебиеттерін есептен шығару, оқырмандарға қызмет көрсету ережелерін ұйымдастыру Ережесі бойынша жүргізіледі. Ал жаңа оқу әдебиеттерін қабылдау ілесіп құжаттар бойынша жүргізіледі. 2021-2022 оқу жылында Кітапхана және жаңа модификацияланған wіfі желісі арқылы компьютер және интерактивті тақталары интернетке қосылған

жылы	Жалпы қордың саны	Негізгі кітап қоры (оқулықсыз)				Оқулық	Электронды кітап қоры	Мерзімді басылымдар			
		Тілдер бойынша			Көркем әдебиет			барлығы		Барлығы	Оқушыға арналғаны
		Қазақ тілінде	Орысша тілінде	Басқа тілде	саны						
2021-22ж	52724	2633	191	160	5587	47137	289		16	8	
2022-23ж	592323	2765	332	187	5990	53333	289		9	9	
2023-24	55984	3738	402	327	6395	49589	289		8	8	

Әр оқу жылында 1-11 сыныптар үшін Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқулықтар мен оқыту-әдістемелік кешендерінің тізбесіне сәйкес қайта басылып шыққан, жаңартылған оқулықтарға тапсырыс беріліп, оқушылар 100 пайыз оқулықпен қамтылады.

Оқырмандарға қызмет көрсету:					
р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлік	2021-2022	2022-2023	2022-2023
1	Бірыңғай тіркеу номері бойынша оқырмандар саны	оқырман	480	570	903
2	Оқырман құрамы:	оқырман	-	-	-
	1-4сынып оқушылары	оқырман	178	223	423
	5-8 сынып оқушылары	оқырман	120	177	278
	9-11 сынып оқушылары	оқырман	182	176	202
	оқытушылар	оқырман	0	0	0
	басқалар	оқырман			

Кітапхана жұмысының көрсеткіші:

		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	кітап берілімі	873	844	1983
2	келу саны	1565	2464	2237

3	кітап оқылымы			
4	Келушілер саны			
5	қор айналымы			
6	оқулықпен қамтылу	100	100	100
7	көпшілік-шаралар саны (бірл.)			

- Оқулықтар сыныптарға топтастырылған;
- Негізгі қор – кітапханалық-библиографиялық классификация (ББК) бойынша және оқырманның жас ерекшелігіне қарай қойылған.

Оқу залында «Абай әлемінде» «Алаштың дарабоз ұлы-Мұстафа Шоқай» «Оқуға құштар мектеп», «Жыл таңдауы-2024», «Жаңа кітаптар», «Бір сынып бір кітап», «Ашық кітапхана адал оқырман» кітап сөрелері бар. Кітапхана электронды оқулықтар, әдістемелік оқулықтар брашюралар, Анықтама словарлар энциклопедиялар, балалар әдебиетті мен жаңадан келген кітап көрме полкаларына орналыстырылған.

Кітапханада «Coworking» оқырмандар аймағы бар. Онда оқырмандарға еркін жұмыс жасауларына жағдай қарастырылған. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп», «Бір сынып бір кітап», «Әжемнің ертегесі», «Отбасымен бірге оқимыз», «Сегіз минуттық оқу», «Бір ел –бір кітап» акциясы мен жобалар аясында, оқушыларды адалдыққа баулу мақсатында көрме бұрыштар ұйымдастырылған.

оқу жылында атқарылған мәдени-көпшілік іс-шаралар:

**Астана қаласы Білім басқармасы
«М.Шоқай атындағы №51 мектеп гимназия» ШЖҚ МКК**



«М. Шоқай атындағы
№51 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
директоры
Д.Джумартова
2022 ж.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
«Бір сынып бір кітап» жобасының жоспары**

№	Әдебиет кітаптардың тізімі	Мерзімі	Сыныбы	Жауаптылар	Анықтамалары
1	Сүйкімді қыз Ұлы дала ертегілері Ертегілер жинағы	Қараша желтоқсан айы	5 «а»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	Фото есеп, анықтама, баспасөз фейсбук,инстаграмм арқылы жариялау
2	Алиса ғажайып елінде Британ ертегілері Жер жахан ертегі	Қараша айының II аптасы	5 «ә»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау
3	Сүйкімді қыз Ертегілер жинағы Питер Пен	Қараша айы III аптасы	5 «в»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау
4	Гекельберин Фин бас кешкен Көксерек Темір жол бойындағы бала	Желтоқсан айы II аптасы	6 «а»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы бжариялау
5	Мексика ұлы Ханзада мен ханшайым Мәңгі бейне	Қараша айы I аптасы	6«ә»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау
6	Том Соиер Темір жол бойын бал Көк шатыр	Қараша айы IV аптасы	6 «б»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау
7	Жар жағалаған бала Сүлікқара Ана тамы	Желтоқсан айы I аптасы	7 «д»	кітапханашыл ар, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау
8	Теңіз қарақшысы Аю тамыр Сүлікқара	Желтоқсан айы III аптасы	7 «к»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау
9	Иір кемел Қонақта Тортай мінген ақбоз ат	Желтоқсан айы IV аптасы	7 «ж»	кітапханашы, сынып жетекшілері,	фото есеп, анықтама, баспасөз арқылы жариялау

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Іс- шаралар жоспарына сай кітапханашысының ұйымдастыруымен 5-6 сыныптар арасында өткізілді.Бұл акция барлық сыныптар арасында жалғасын табуда.Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда осындай іс-шаралар орасан үлес қосады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен

болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ.

Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енген болатын.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы: мақсат айқын, жол жарқын бұл жобада біздің мектепте ат салысып келеді. Мектеп кітапханасында кітап оқуды қолдау және беделін арттыру мақсатында (оқу сәні) негізгі буын білім алушылары арасында «Ашық кітапхана адал оқырман» және «Бір сынып бір кітап» жобасы іске асырылады.

Мектеп кітапхана қорынан алынған «Оқуға тиіс 100 кітап» пен «Оқуға тиіс 30 кітап» кітаптар тізімінен қойылған кітап көрмемізден библиографиялық шолу

Кітап көрме келесідей жасалған:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша президентіміз Қ.Тоқаевтың оқуға тиіс жүз кітабы, оқуға тиіс отыз кітабынан тізім бойынша кітапхана қорындағы кітаптар қойылған.

2. «Ашық кітапхана адал оқырман»

Оқырмандарға шығармалардан көрме қойылған. Библиографиялық шолу

3. «Бір сынып бір кітап» жобасы, жеті кітапқа библиографиялық қысқаша шолу жасалған.

Мектеп кітапхана қорынан алынған «Оқуға тиіс 100 кітап» пен «Оқуға тиіс 30» кітаптар тізімінен қойылған кітап көрмемізден библиографиялық шолумен бар.

Көрсетілімдегі интерактивті тақтада кітаптар тізімі шығады. Арнай дайындалған гидтер кітапты қолға алып таныстыру жұмысын көрсетті.

1. «Сөз маржан» сериясымен жарық көрген бұл жинақта қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибрахим) Құнанбайұлының өлеңдері мен поэмалары топтастырылып, кітап көпшілік оқырманға арналғандығын таныстырып өтті.

Қара көңілім оянсын: өлеңдер мен поэмалар. Абай. - Нұр Сұлтан. фолиант баспасы 2020 ж-336 бет

2. Роман –эпопеясы түпнұсқа бойынша түзетіліп, қалпына келтірілген басылы бойынша жарияланып отырған Мұқтр Әуезовтың Абай жолы роман эпопеясы 1,2,3,4 кітабы-Алматы қаласы Жазушы баспасы 2013ж-376 беттік кітабы.

3.- Хакім Абайдың асыл мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін баға жетпес қазынасы. Артына өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы

ақынның шығармаларын кеінгі толқын көкрегіне тоқып, көңіліңе шамшырақ етіп алары сөзсіз.

Абай Сенде бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қара сөздер-Алматы Атамұра баспасы, 2020 жыл-288 бет.

4.- Жыр дүлдүлі, аса дарынды ақын М.Мақатаев поэзия көгінен құйрықты жұлдыздай ағып түскен, оның өлең жырларының жарық сәулесі уақыт керуені алға жылжыған сайын жарқырай бермек. Ақының жан дүниесі, бітім болысы – бар жаратылысы өлеңмен өріліп, жырдан жаралғандай. Кітап мектеп оқушыларына арналған.

М.Мақатаев Үш бақытым. Өлеңдер, поэмалар. Алматы қаласы Атамұра баспасы, 2014ж-192 бет
Мұқағали Мақатаев Жүрек арызы: өлеңдер-Алматы Қазақпарат баспасы-280 бет

5. Қазақ әдебиетінің жасындай жарқылдап келген Оралхан қаламының табы, сөзінің қуаты қалың оқырманның көңілінен кеткен емес. Оның өшпес рухани дүниелері, әсіресе бөлегені шындық. «... Еркіндігін аңсаған Кербұғы тіпті де өлген жоқ» деп өзі жазып кеткендей, суреткер шығармалары уақыт өткен сайын соны қырынан шуақ шашады.

Оралхан Бөкей Әңгімелері мен повесть-Алматы, Атамұра баспасы 2003 ж - 204 беттік

6. Жинаққа жазушының оқырман қауым ықыласына бөленген «Күзеуде», «Аққыз» сияқты повестері мен әңгімелері енді. Бұл шығармаларда халқымыздың рухани биік парасаты, төлтума қасиеттері, мәдени бітімі шыншылдықпен көрініс тауып, ата-бабаңның арман аңсары, адам өмірінің мәні мен сәні сөз болады. Жазушының құнарлы тілі, халықтың тарихы мен өмір салтына жүіріктігі айрықша ден қойғызады.

Сейдімбек А. Аққыз. Повестер мен әңгімелері. - Алматы: Атамұра баспасы, 2002ж-288 беттік

7. Эрнест Хемингуэй. Қош бол майдан. Шал мен Теңіз. Килиманджаро-қарлы тау. Қызығы мол жылдар жылдар. Астана; аударма, 2004 жыл-568 беттік кітабы қойылды. 7«А» сыныбымен, сын жетекшісі Бақыткул Шабдановнамен

READX жобасымен :

«Магиканның соңғы тұяғы»

«Дерсу Узала»

Том Соиердің басынан кешкендері шығармаларын

Спикерлер Мадина Болатбек, Мұратаева Балнур, Құдайбергенова Азиза, Аманжолқызы Дана, Баязит, Нығметова Жанель іске асырылды. Шығарманы жақсы жаман жағын айта отырып қызықты да көркем бейнелеп бере алды. Әр шығарманы тыңдалып болған соң дауыс беру арқылы қызықты қызық емес, оқимыз оқымаймыз деп дауыс беру арқылы өз ойларын білдірді. Іс-шара арасында оқырмандармен

1. Танграмм ойыны мен қызықталды.

2. Даталы кундермен Тәуелсіздігіміздің егемендігіміздің тарихын карточка арқылы құрап берді.

3. Гарри Поттер ойынын кітап кітабымен құұрап сегіз кітабын тапты.

4. Жеті түрлі заттар арқылы әңгіме немесе сюжет құрап ойнады.

7 «г» сыныбы мен сынып жетекшісі Эльвира Пашеновнамен

Өгей бала

Сулеймен Патшаның кеніші

Жұмбақ жер шығармалары

7 «ж» сыбы мен сын жетекшісі Мамет Зейнеп

Қазына аралы

Онбес жасар капитан

Спикерлері Нұрсұлтан, Бексұлтан, Данияр Армен, Зейнеп Қымбат спикерлер болды.

7 «и» сын мен сын жетек Мадина

Гулливердің бастан кешкендері

Адам балық

Онбес жасар капитан

Қорытынды:

1. «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында «Бір сынып бір кітап» жобасы бойынша іс-шаралар өтілу барысы жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Ұсыныс:

1. Оқушылардың кітапқа, кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатындағы өткізілген әрбір шара мұқият қаралып, кестемен жиі өткізілсін.

2022 жылғы 26 шілдедегі №07 н/қ бұйрығына сәйкес мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылған көркем әдебиеттер максималді көлемді тізбесіне қазақ және әлем әдебиеттерінен 1000 шығарма енгізілген болатын. Сол тізбелер бойынша мектеп кітапханасын 323 данасы соммасы 1261544 тенгеге көркем әдебиет сатып алынды.

Тізбе бойынша мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігі қарай 6-11 жас, 12-15 жас, 16-18 жас тобына бөлініп көрмеге қойылды.

Тізбеде фольклорына қарай қазақ әдебиеттің классик жазушылары мен қазіргі кездегі акын – жазушыларының шығармалары

әлем әдебиетінің таңдаулы ертегілері мен үздік туындылары, фантастикалық шығармалары іріктеліп алынды.

Осы туындылар балалардың көкірегін адами құндылыққа толтыруға, ои өрісінің көкжиегін кеңейтуге, сезімталдығын жетілдіріп азаматтық көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді деп ойлаймыз

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Іс-шаралар жоспарына сай кітапханашысының ұйымдастыруымен “Бір сынып-бір кітап” іс шарасы 9-5 сыныптар арасында өткізілді. Бұл іс

шара барлық сыныптар арасында жалғасын табуда.Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда осындай іс-шаралар орасан үлес қосады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы: мақсат айқын, жол жарқын бұл жобада біздің мектепте ат салысып келеді.Мектеп кітапханасында кітап оқуды қолдау және беделін арттыру мақсатында (оқу сәні) негізгі буын білім алушылары арасында және мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылған көркем әдебиеттер максималді көлемді тізбесіне қазақ және әлем әдебиеттерінен 1000 шығарма енгізілген шығармалармен «Бір сынып бір кітап»жобасы іске асырулыда.

Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың шығармаларын әр сыныпқа уш данадан таратылып ,бір ай уақыт беріп,оқып шығып READx жобасы бойынша қорғап түрлі оқырман қызығушылығын арттыратын логикалық ойын түрлерімен өткізілді

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясындағы «Бір сынып бір кітап» іс шарасының жоспар,«Бір сынып - бір кітап» жобасы

Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп – гимназиясының
директоры Д.М. Джумартова

2021ж

Мустафа Шо
№ 51 мектеп – ги
директоры Д.М

« »
Төбасы

1 тарау Жобаның ақпараттық картасы
2 тарау Жоба мазмұны

- 2.1. Жоба бастамаларының негіздері
- 2.2. «Бір сынып -бір кітап» жобасының өзектілігі
- 2.3. «Бір сынып - бір кітап» жобасының мақсаты
- 2.4. Жоба міндеттері
- 2.5. «Бір сынып -бір кітап» жобасын іске асыру

1.1 Жобаның атауы	« Бір сынып - бір кітап»
1.2. Процеске тартылған бөлімшелер	Орта білім беру ұйымдары: « мұғалімдер, оқушылар, ата – аналар»
1.3. Жоба басшысы, үйлестірушісі	кітіпханашы, жалпы орта білім беру мектептері
1.4.Жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2021- 2022 Қаңтар,Ақпан,Наурыз,Сәуір,Мамыр
1.5. Жоба серіктерінің атауы	Мектеп кітапханашысы....

2.1. Жоба бастамаларының негіздері	Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 21 қазандағы IV Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасы
2.2. Өзектілігі	Мемлекет басшысы өз сөзінде кітап оқу арқылы әлемге деген қызығушылық мектеп қабырғасынан қалыптасуы тиіс екенін айрықша атап айтқаны баршаға белгілі. Бұл тапсырманы орындау үшін “Бір сынып- бір кітап ” жобасы енгізілді. “ Бір сынып- бір кітап ” жобасы оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру, жеткіншек ойын білімін өсіреді, әдеби батырлардың істерін, жақсылықты қалыптастырады
2.3. Мақсаты	Оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту, сол туындылардың рухани маңыздылығын жеткізу. Оқуды жандандыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, сауаттылық пен оқу мәдениетін

2022 жылғы 26 шілдедегі №07 н/қ бұйрығына сәйкес мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылған көркем әдебиеттер максималді көлемді тізбесіне қазақ және әлем әдебиеттерінен

1000 шығарма енгізілген болатын. Сол тізбелер бойынша мектеп кітапханасын 323 данасы соммасы 1261544 тенгеге көркем әдебиет сатып алынды.

Тізбе бойынша мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігі қарай 6-11 жас, 12-15 жас, 16-18 жас тобына бөлініп көрмеге қойылды.

Тізбеде фольклорына қарай қазақ әдебиеттің классик жазушылары мен қазіргі кездегі акын – жазушыларының шығармалары

әлем әдебиетінің таңдаулы ертегілері мен үздік туындылары, фантастикалық шығармалары іріктеліп алынды.

Осы туындылар балалардың көкірегін адами құндылыққа толтыруға, ои өрісінің көкжиегін кеңейтуге, сезімталдығын жетілдіріп азаматтық көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді деп ойлаймыз

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Іс- шаралар жоспарына сай кітапханашысының ұйымдастыруымен “Бір сынып-бір кітап” іс шарасы 9-5 сыныптар арасында өткізілді. Бұл іс шара барлық сыныптар арасында жалғасын табуда. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда осындай іс-шаралар орасан үлес қосады.











«Оқуға құштар мектеп» жобасы: мақсат айқын, жол жарқын бұл жобада біздің мектепте ат салысып келеді. Мектеп кітапханасында кітап оқуды қолдау және беделін арттыру мақсатында (оқу сәні) негізгі буын білім алушылары арасында және мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылған көркем әдебиеттер максималді көлемді тізбесіне қазақ және әлем әдебиеттерінен 1000 шығарма енгізілген шығармалармен «Бір сынып бір кітап» жобасы іске асырылады.


Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы акын-жазушылардың шығармаларын әр сыныпқа үш данадан таратылып, бір ай уақыт беріп, оқып шығып READx жобасы бойынша қорғап түрлі оқырман қызығушылығын арттыратын логикалық ойын түрлерімен өткізілді.

Мектеп кітапхана қорынан алынған «Оқуға тиіс 100 кітап» пен «Оқуға тиіс 30 кітап» кітаптар тізімінен және кітап мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылған көркем әдебиеттер максималді көлемді тізбесіне қазақ және әлем әдебиеттерінен 1000 шығармасын кітап көрме ұйымдастылып, оқырмандарға көрмемізден библиографиялық шолу жасалды



Фейсбукте жарияланған видео іс шаралар





Қорытынды:

1.«Оқуға құштар мектеп» жоба аясында «Бір сынып бір кітап» жобасы бойынша іс-шаралар өтілу барысы жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Ұсыныс:

1.Оқушылардың кітапқа, кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатындағы өткізілген әрбір шара мұқият қаралып, кестемен жиі өткізілсін.

БЕКІТЕМІН
«Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп – гимназиясы» ШЖС КММ
директоры Д.М. Джумартова

« » 2023 ж.

«Әжемнің ертегісі» жобасы

Мазмұны

1 тарау Жобаның ақпараттық картасы

2 тарау Жоба мазмұны

- 2.1. Жоба бастамаларының негіздері
- 2.2. «Әжемнің ертегісі» жобасының өзектілігі
- 2.3. «Әжемнің ертегісі» жобасының мақсаты
- 2.4. Жоба міндеттері
- 2.5. «Әжемнің ертегісі» жобасын іске асыру

1 тарау. Жобаның ақпараттық картасы

1.1 Жобаның атауы	«Әжемнің ертегісі»
1.2. Процеске тартылған бөлімшелер	Орта білім беру ұйымдары: « мұғалімдер, оқушылар, ата – аналар»
1.3. Жоба басшысы, үйлестірушісі	кітапханашы, жалпы орта білім беру мектептері
1.4.Жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2023- 2024 Қыркүйек, қазан,қараша айларына
1.5. Жоба серіктерінің атауы	Мектеп кітапханашысы....

2 тарау. Жобаның мазмұны

2.1. Жоба бастамаларының негіздері	Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны іске асыру тапсырмасы бойынша «Әжемнің ертегісі» 1-4 сыныптар, 5-7 сыныптар арасында жобаны құрастыру .
2.2. Өзектілігі	Мемлекет басшысы өз сөзінде кітап оқу арқылы әлемге деген қызығушылық мектеп қабырғасынан қалыптасуы тиіс екенін айрықша атап айтқаны баршаға белгілі. Бұл тапсырманы орындау үшін «Әжемнің ертегісі» жобасын ала отырып,оқушылардың,кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру және барлық уақытта ертегі, позитивті тұлғааралық қатынастардың, әлеуметтік дағдылардың және мінез-құлық дағдыларының, сондай-ақ баланың ішкі әлемін анықтайтын адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ертегі баланы дамытуда әрдайым педагогтер мен ата-аналар үшін қол жетімді құралдардың бірі болып қала береді.
2.3. Мақсаты	Халық ертегілерін оқи отырып, оқушыларды туған жердің, мемлекетіміздің мәдениетімен таныстыру моделін әзірлеу;

2023-2024 оқу жылында мектебіміздің кітапханасында жаңадан «Әжемнің ертегісі» жобасы енгізілді. Жоба бастамаларының негіздері Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны іске асыру тапсырмасы бойынша «Әжемнің ертегісі» 1-4 сыныптар арасында, 5-7 сыныптар арасында жоба «Отбасымен бірге оқимыз» жобасынны құрастыру болды.

Өзектілі: Мемлекет басшысы өз сөзінде кітап оқу арқылы әлемге деген қызығушылық мектеп қабырғасынан қалыптасуы тиіс екенін айрықша атап айтқаны баршаға белгілі. Бұл тапсырманы орындау үшін «Әжемнің ертегісі» жобасын ала отырып, оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру және барлық уақытта ертегі, позитивті тұлғааралық қатынастардың, әлеуметтік дағдылардың және мінез-құлық дағдыларының, сондай-ақ баланың ішкі әлемін анықтайтын адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ертегі баланы дамытуда әрдайым педагогтер мен ата-аналар үшін қол жетімді құралдардың бірі болып қала береді.

Мақсаты: Халық еретегілерін оқи отырып, оқушыларды туған жердің, мемлекетіміздің мәдениетімен таныстыру моделін әзірлеу;

Міндетті: -оқушыларды туған жердің мәдениетімен таныстыру бойынша бағдарламаға сараптау жұмысын жүргізу;

- оқушылардың, мұғалімдердің, ата – аналардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту үшін тәрбие мен оқытудың сапасын басқару үшін модель құру;

оқушыларды туған өлкесінің дәстүрлі мәдениетіне баулу негізінде, барлық педагогикалық үрдістің қатысушыларын өзін – өзі дамытуға және өзін – өзі түсінуге ықпал ететін, оқушыларға, ата – аналарға және мұғалімдерге қарым – қатынастық әрекетке бағытталған зияткерлік және шығармашылық жұмысын ашу;

-критериалды – диагностикалық ақпаратты әзірлеу;

Жобаның іске асырылуы: бастауыш, орта, жоғары буын оқушыларының оқырман сауаттылығын және ертегіге деген оқу қызығушылығын арттыру;

-балалар оқуын қолдау және дәріптеу бойынша мектеп қоғамдастығын құру (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар).

-оқушының өз бетінше оқу ынтасын дамыту.

-жастардың мәдени деңгейі мен дүниетанымын қалыптастыру;

-мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын және көркем әдебиетпен толықтыру жұмыстарын талдау;

-мектеп-оқушы-ата-ана жоспары бойынша «Әжемнің ертегісі» жобасын әзірлеу;

- жоба орындаушыларының қызметін және өзара іс-қимылын жалпы үйлестіру;

-жекелеген іс-шаралар бойынша іс-шаралар тізбесін және орындалу мерзімдерін, сондай-ақ жобаны іске асыру тетіктерін нақтылау туралы ұсыныстар дайындау;

-жобаны іске асыруды ақпараттық сүйемелдеу;

-жоба іс-шараларын іске асыру нәтижелерінің мониторингісі

Іске асырылу нәтижесі: тілдік құзыреттілікті дамытуға және сақтауға бағытталған балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі аясында педагогтер мен ата-аналардың кәсіби құзыреттілігін және біліктілігін арттыру;

- тілдік құзыреттілігін дамыту үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын басқару моделін жасау және апробациялау;


- ертегілерге тұрақты қызығушылық танытады. Ол ертегі бейнелерінің мазмұнын дұрыс түсінеді, олардың мағынасын негіздей алады және өзінің жан дүниесімен өткізе алады. Көркем экспрессивтіліктің тілдік құралдарын түсіндіреді, шығарманы және оның бейнелерін толықтырады. Эмоционалды- эстетикалық көзқарас пен қиялдың жоғары белсенділігімен ерекшеленді.

-ертегі кейіпкерлерінің бірдей эмоционалды жағдайын жеткізе алады. Экспрессивті қимылдарды табады және басқа кейіпкерлермен қарым-қатынас жасай алады. Декорациялар мен атрибуттарды құруда бастама жасайды, сонымен қатар экспрессивті бейнені және кеңістіктік ортаны ұйымдастыру үшін заттарды табады.

- топтық үй-жайда бірнеше әмбебап орталықтарды қамтитын «Әжемнің ертегісі» ертегі-ойын кеңістігі құрылады: халық ертегісі орталығы, шағын кітапхана, театр-ойын орталығы, этнографиялық шағын мұражай;

Мектеп кітапхана қорындағы жас ерекшелігіне арналған ертегілер мен әңгімелер жинағы сынып жетекшілерге таратылып беріп жоспар құрылды.

Жоспар:



«Отбасымен бірге оқимыз» жобасы бойынша іс шара анықтамасы.

Балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты институт ол – отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты.

Мектебіміздің кітапханасында балалар әдебиеті бөлімі отбасымен бірге оқуды ұйымдастыру, оқуға басшылық жасау, оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында жыл көлемінде түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруда.



Қазан айының он екінші жұлдызында READx жобасымен

Кітаптың авторы: **Ақберен Елгезек**

«Болмаған балалық шақ» шығармасында:

жетім баланың тағдырынан сыр шертетін бұл кітапты, сәтті шыққан туынды деп айта аламын. Бұл кітапта Ақберен ағамыздың қиялындағы өмірі, өмірден көрген тауқыметі, арпалысқа түскен бақытсыз күндері жазылған. Әкесінен жастайынан айырылған ол, анасынан да тірідей айрылып, табиғаттан пана іздеген. Табиғат анамен тілдесіп, осындай алып тұлғаға айнала білді. Кітапқа жазған балаң шақтағы қияли ойлары, тағдырластың көңілін бір марқайтып жіберді. Осынау өмірде ерте есейіп, өмір көргенін кітапқа арқау еткенін ол, "жетім" балаларға өмірдің қандай екенін ұғындырғысы келеді. Көзіңнің жасын сығып алып, тұмшалаған ойлардың соңынан еріп кетесің. Тағдырласымның туындысын әр қазақ оқыса деген мақсатпен алтыншы сыныптар арасында ата анасына дәлірек әжесі мен атасына оқуға берілді. 6 «е,д» сынып оқырмандары қатысқан Сынып жетекшілері Ризагул мен Әигерім .отбасымен келген спикерлер Орманбекова Сэнтай апай,Абишова Әлия мен Исаев Көшкінбай ағамыз қатысумен ауқымды өте тәрбиелі көрнекті іс шара ұйымдастылды.

Шығарманың спикерлері Орманбекова Сэнтай апай,Абишова Әлия апайымыз бен Исаев Көшкінбай ағамыз шығарманы қысқаша мазмұндап ,өз оиларын айтып ,ақыл кеңес беріп жатты .Ата аналар арасындар оқырмандарымызәсерленіп шығармадағы ауыр жерлерін айтып



БЕКІТЕМІН
«Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп – гимназиясы» ШЖҚ КММ
директоры Д.М. Джумартова

« » 2023-2024 оқу жылы



Астана қаласы Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп гимназия кітапханасының Білім беру ұйымдарында «8 минуттық оқу» жобасын ұйымдастыру бойынша іс шараның жоспары.

Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық көзқарасын кеңейту.

Міндеттері:

- Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.
- Танымдық көзқарасты кеңейту үшін жоспарлы түрде кітап оқуды дамыту;
- Кітап оқу мәдениетін, дағдысын қалыптастыру;
- 8 минуттық кітап оқу дағдысын күнделікті оқу процесіне енгізу.

Күтілетін нәтижесі:

- Оқушылардың сөйлеу мәдениеті дамиды, ойын еркін жеткізеді.
- Оқыған кітабының мәтінін талдап үйренеді, зерделейді.
- Кітап оқу дағдысы қалыптасады.
- 8 минуттық кітап оқу дағдысын күнделікті оқу процесіне енеді.

Жүзеге асыру механизмі: «8 минуттық оқу» жобасы Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінде жүзеге асырылады. Жобаның ережесіне сәйкес күнделікті әр ауысымның бірінші сабағы 8 (сегіз) минуттық көркем әдебиет кітабын оқудан басталуы тиіс. Әр педагог сабақтың алдында оқушыларға көркем әдебиет кітабын оқуды ұсынады, сегіз минут өткен соң, барлық оқушылар кітаптарын жауып екі минут тынығып алып, мұғалім сабақты бастайды. Оқушыларға оқуға ұсынған кітап қағаз түрінде, ол көркем әдебиет кітабы. Педагог сыныпқа (тақырыптық жоспарға сәйкес) әртүрлі кітаптарды оқуды ұсына алады немесе бір кітаптың көшірмесін жасап, пайдалануға болады. Айына бір рет (әр айдың екінші аптасында) ата-анасымен бірге кітап оқулары жүргізіледі және оқыған кітаптарының нәтижелерін қорытындылау мақсатында әр айдың соңғы жетісінде Readx форматындағы іс-шара өткізіледі.

Оқушылар: сыныпта тыныштық орнатып, кітапты жеке оқу көзделеді (ішінен), яғни ол топтық оқу немесе педагогтің дауыстап оқуын, ал сынып оны тыңдауларын көздемейді. Жобаның талаптарына сәйкес әр оқушы өзінің жеке оқу техникасын пысықтауы керек.








Педагогтер: мұғалімге сегіз минуттық оқу кезінде педагогикалық-психологиялық кітаптарды оқуына кеңес беріледі.










Қосымша 1

Ескерту: шығармалар мен туындылар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің мәлімдемесіне сәйкес «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында қалыптастырылған көркем әдебиеттер тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады (Қосымша 2). Тізбеде бүкіл кезеңдер мен мектептерді қоса алғанда отандық әдебиет пен әлем әдебиетінің ең озық әрі таңдаулы шығармалары қамтылған.



шығармалар нәтиж





«Бір ел - бір кітап »

акциясы аясында Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған іс шара анықтамасы

Биылғы жылы "Бір ел -бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз деп жоспарлап ,мектеп кітапханасындағы қорынан шығармалары оқырмандарға таратылып берді

Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген. Орта мектепті де сол ауылда бітірді. Бала Бердібек анасынан 8 жасында айырылды және бұл қайғы оның өмірінің соңына дейін үлкен соққы болды. Бердібектің білімге деген сүйіспеншілігін оятқан - ағасы Сатылған. Алайда, ағасы соғыс кезінде қайтыс болып, дүниеден ерте озды. Соқпақбаев бала кезінде көп қиындық көрді, аштық пен ауыр еңбектің, қиындықтың тауқыметіне ұшырады. Дегенмен, ол өте білікті және қабілетті бала болып өсті.

Өз ортасының алды болған Соқпақбаев мектеп бітіргеннен кейін әскерге барып, кейіннен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына оқуға түседі. Институтты бітіргеннен кейін Мәскеудегі жоғары әдеби курстарын тәмамдады.

Таулы ауылдан шыққан қазақ баласы журналистикамен көп айналысты, «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» газет-журналдарының редакциясында жұмыс істеді. Сондай-ақ, киностудияда да қызмет етіп, өзінің туған ауданындағы мектептерде мұғалім болды. Ол үнемі балаларды тәрбиелеудің күрделі мәселелеріне алаңдады. Бердібек Соқпақбаев – білікті мұғалім, тәрбиеші. Содан болар бұл жағдай оның шығармаларының тақырыбын алдын-ала анықтап берді.

Б. Соқпақбаев Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша кеңесші болып жұмыс істеді. Ең алдымен ол балалар жазушысы. Балалық пен жастық оның барлық кітаптарының негізі. Соқпақбаевтың шығармалары негізінен автобиография болып табылады.

Бердібек Соқпақбаев шығармашылық қызметін ақын ретінде бастады. 1950 жылы оның «Бұлақ» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Авторлық сезімдердің ерекше сенімділігі мен шынайылығымен ерекшеленген жинақ бірден өз оқырмандарын тапты.

Көп ұзамай Соқпақбаев прозада да бағын сынап көрді. Жазушының тарихы күрделі емес, бірақ қазақ ауылының өмірі мен тіршілігінің көлемді бейнесі суреттелген «Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Өзім туралы» повестері тек жасөспірімдердің ғана емес, сондай-ақ ересек қазақ оқырмандардың да жүрегінен орын тапты. Бұл таңқаларлық жайт емес. Өйткені, жазушының кітаптарында тәрбиелік мәні бар көсемсөздер мен тентек және күлкілі кейіпкерлер өмір сүреді. Ал кітапты оқығанда олардың жетістіктеріне қуанбау, қиындықтарына көңіл бөлмеу, оларды сүймеу мүмкін емес.

Соқпақбаев «Менің атым Қожа » повесінің арқасында танымал болды. Бұл туынды «Детская литература» баспасында шығып, содан кейін орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария секілді шетелдерде жарияланды. Тек содан кейін ғана бұл шығарма өз отанына оралып, байырғы қазақ тілді оқырмандардың жүрегінен ойып орын алды.

Бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тентектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің

арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды.

1960 ж. жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» повесі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді.

Сондай-ақ, жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі.

Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас оқырмандарға арнап жазылған. Адамның әрбір кезеңі оның шынайы қуанышына толы. Осы тұрғыдан алғанда, қаладан атасына келіп, басынан қызықты ауыл өмірін өткерген қалалық қыз туралы «Аяжан» атты әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады.

Жазушының кейінгі шығармаларының ішінде махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты тамаша әңгімесі бар.

Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портетін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

Қазақ прозасына жаңа леп, өзгеше өрнек әкелген жазушы 1991 жылы 24 шілдеде Алматыда көз жұмды.



Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқу бойынша оқушылар жазушының «Балалық шаққа саяхат» шығармасын оқып, мазмұны бойынша 7 «ж» сыныбы мен сынып жетекшісі

Сенбиева Нурилла іс шарасын кітапханада көрсетті

ата аналарға арналған ашық есік күніне кітапхана жобаларынан көрсетілген іс шара анықтамасы.

1-11 сынып ата-аналарының қатысуымен әр айда "Ашық есік күні" өткізіледі.Әр айға бастауыш сыныптары арасында,5-7 сыныптар ата анасы үшін,8-11 сыныптар әр ай аяғына өткізеді

Мақсаты: Мектебіміз бен ата-аналар арасында ынтымақтастық байланысты нығайта отырып, ата-ана қауымдастығын мектеп қызметіне белсене араласуға тарту, оқу бағдарламасымен, мектептегі әртүрлі жобалармен , мектеп өмірімен таныстыру. ата-аналарды жаңартылған білім беру мазмұнымен жақынырақ таныстыру және мектептегі іс-шараларға белсене араласуға тарту.Ашық есік күні қонақтарды қарсы алу,тіркеу,буклеттер таратудан басталды. Балаларының мектептегі өмірімен жақынырақ танысуға ата-аналармен бірге әже аталары да қызығушылық танытты. Мектеп — жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін мекеме. Мектептегі баласының бір күндік өмірімен танысу, ата-аналардың ең басты мақсаты болды. Сондықтан, сабаққа қатысқан ата-аналар, ұстаздар қауымының, сабақтарды жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып өткізген сәттері қатты қызықтырғанын атап өтті.Әсіресе жаңартылған білім мазмұнына көшкен 1-11 сыныптардың сабақтарында оқушылар топпен, жұппен жұмыс істеген жағдайда, олардың сабаққа деген қызығушылығы, белсенділігі артатынын байқады.Шақырылған ата-аналар бағдарламаға сәйкес, ашық сабақтардың барлығына қатысып, оқу процесімен жақынырақ танысты.Сабақ кестесіне сәйкес 1-11 сыныптарда ашық сабақтар барлық пәндер бойынша өткізілді. Ата - ананың - ананың мектеппен байланысын нығайту. Жас ұрпақты парасатты,ақылды,мейірімді жан-жақты азамат ретінде тәрбиелеудегі ата-ананың рөлін көрсету. Ата-аналарға оқытудағы жаналықтар туралы мәлімет беру. Шақырылған ата-аналарды бағдарламаға сәйкес іс-шараның барлық түріне,ашық сағаттарына қатыстырып,оқу процесімен жақынырақ таныстыру.Ай басында «Баланың бас ұстазы –ата ана»атты іс шара өтті.

27 қаңтар күні «Боламын деген баланың бетін қақпа,белін бу!» тақырыбындағы ата аналар үшін 10 «г» сыныбы мен сынып жетекшісі Баймағанбетова Сания Аитжановна

Ақпан айының 24 күні мектебіміздегі ата аналар үшін «Балаға үйрету: ақылынды мейірімге орап бер» тақырыбында кітапханада «8 минуттық оқу» жобасы бойынша Махмат Ғалия мұғалім 5 «ә» сыныбының жас оқырмандарымен Ыбырай Алтынсаринның «Кел балалар оқылық» атты кітабымен іс шарасын креативті түрде көрсетіп өтті

